

Г.К. Сабырбаева¹

¹ М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан, gulnaz__@mail.ru

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША БАС СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК АЙЫПТАУДЫ ҚОЛДАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада қылмыстық істің материалдарын өте жақсы білу - мемлекеттік айыптауды қолдайтын прокурорға қойылатын міндетті талаптар қарастырылды. Осыған байланысты мемлекеттік айыптаудың, мемлекеттік айыптаушы сөзінің сапасы өте маңызды болып табылады.

Аннотация. Итак, в этой статье рассмотрен вопрос о поддержании государственного обвинителя в судебной системе, функции в уголовном процессе и сущности слова государственного обвинителя в уголовном процессе означает правовой акт, в суде поддержание государственного обвинителя имеет значение личной отрасли прокурорского надзора и органов прокурорского надзора и органов прокуратуры.

Abstract. The article discusses the problems of supporting the public prosecutor in the so, in this article the issue of maintaining the public prosecutor in the judicial system, the functions in the criminal process and the essence of the word of the public prosecutor in the criminal process means a legal act, in court the maintenance of the public prosecutor has the value of the personal branch of the prosecutor's supervision and the prosecutor's office.

Түйінді сөздер: қылмыстық істер, қылмыстық әрекеттер, заңдар, мемлекеттік айыптаушы, прокурорлық актілер

Ключевые слова: уголовные дело, преступная деятельность, законы, прокурор, прокурорские акты.

Keywords: criminal cases, criminal activities, laws. prosecutor, prosecutor acts.

Бас сот талқылауы-қылмыстық іс жүргізудің шешуші сатысы. Адамды кінәлі деп тану және қылмыстық жазаны қолдануды тек соттың жүзеге асыруы туралы заңда маңызды ереженің бекітілуі бас сот талқылауын қазақстандық қылмыстық процестің орталық, маңызды және шешуші сатысы ретінде, ал сот отырысында прокурордың заңдардың қолданылуына қадағалау жүргізуіне оның қызметінің маңызды орын алатындығын көрсетеді. Үкімнің заңға сәйкестігі және негізділігі іс бойынша тергеудің жақсы жүргізілгендігіне және сот өндірісінің толық, жан-жақты және объективті жүргізілгендігіне байланысты. Сот отырысының мақсаты алдын-ала тергеу құжаттарының тексеру ғана емес, сотпен іс құжаттарын жеке тексеру де жатады.

Басты сот талқылауы – бұл қылмыстық іс жүргізудің жеке және шешуші сатысы. Онда қылмыстық іс мәні бойынша шешіледі. Ақиқатты орнату және әділетті үкім шығару мақсатында бұл сатыда алдын-ала тергеу мен анықтау органдары келтірген дәлелдерді тексеру және құқықтық баға беру жүргізіледі. Демократиялық қағидаларға сәйкес құрылған сот төрелігі азаматтарға үлкен тәрбиелеушілік әсер береді.

Үкім бірінші инстанциялы соттың дәлелдемелерді терең және объективті тексеру нәтижесінде және сот өндірісінің барлық талаптары сақталғанда әділ және заңды болады. Бас сот талқылауы – қылмыстық процестің маңызды және негізгі сатысы. Нақ осы сатыда істің мән - жайлары тексеріледі және жиналған дәлелдемелерге түпкілікті баға беріледі. Прокурор айыптауға негіздер болған жағдайда мемлекеттік айыптауды қолдайды, сотталушыны кінәлі деп табуын дәлелдейді немесе жазасын жеңілдетуді сұрайды. Ал, сот істі толық, жан-жақты және объективті шешеді [1].

Прокурордың басты сот талқылауындағы өкілеттіктері ҚР ҚДЖК-нің 317, 396 (үшінші бөлігіне сәйкес), 458, 460-баптарына сәйкес анықталады. Прокурор өзінің іс

жүргізушілік өкілеттігін жүзеге асыру барысында тәуелсіз болады және заңға ғана бағынады.

Прокурордың басты сот талқылауында істі қарауға дайындалуы. Қылмыстық істің материалдарын өте жақсы білу - мемлекеттік айыптауды қолдайтын прокурорға қойылатын міндетті талап. Прокурор қылмыстық істің тергелуіне қадағалау жүргізгеннің өзінде немесе айыптау қортындысын бекіткеннің өзінде әрқашанда қылмыстық істің материалдарын терең, әрі нақты зерттеуі тиіс. Процеске кіру барысында, жеңіл қылмыстық істердің өзінде, істің мәнін сот барысында түсініп алу мүмкіндігіне сенуге болмайды. Сот отырысының ең басында, яғни, сот отырысының дайындық сатысында прокурор процеске белсенді түрде қатыса бастайды. Прокурор сотқа істі куәларсыз қарау мүмкіндігі туралы қортынды береді, дәлелдемелерді зерттеудің тәртібі туралы сотқа ұсыныс айтады. Мұның барлығын прокурор қылмыстық істің материалдарын сотқа дейін білмейінше жүзеге асыра алмайды [2].

Соттарда мемлекеттік айыптауды қолдайтын прокуратура органдарының жұмыстарының анализі сот трибунасында прокурордың төмен дәрежеде сөз сөйлеуі – сот процесіне қатысуда прокурорлардың төмен дайындығын, заңды жақсы білмеуін, ал кейбір жағдайларда жеткілікті тәжірибесінің болмауын көрсетеді. Кейбір мемлекеттік айыптаушылар, әсіресе жас мамандар, прокурорлық функцияның бұл маңызды қызметін атқаруда теориялық және кәсіби жағынан төмен дайындығын көрсетеді. Сондықтан да, олар мемлекеттік айыптауды қолдамастан бұрын, қылмыстық істің материалдарын терең зерттеулері және білуі тиіс.

Прокурордың басты сот талқылауында істі қарауға дайындалуына мыналар кіреді: қылмыстық істің материалдарын толық зерттеу, заңмен танысу, жасалған қылмыстың ерекшелігін зерттеу және дәлелдемелерді зерттеулердің тәртібі туралы ұсыныстарды дайындау. Сот отырысына дайындалудың көптеген жекелік, шарттық және елеулі жағдайларда прокурордың жеке қасиеттерінің болуымен байланыстырылады. Прокурорлар істің материалдарын зерттеудің өздерінің тәжірибесімен қалыптасқан әдіс-тәсілдерді қолданады және де ол әдіс-тәсілдер прокурорлардың есте сақтау, дәлелдемелердің анализіне мүмкіншілігі және логикалық ойлау, сот тергеуінде анықтауға қажеті істегі басты нәрсені таба білу және сот процесінің барысы және оның нәтижесі туралы алдын ала біле алу мүмкіншілігі сияқты жеке қасиеттеріне байланысты болып келеді. Мемлекеттік айыптауды қолдау функциясы жүктелген прокурорлардың уақыты елеулі түрде шектелген, сондықтан оларға өздерінің жұмыстарының регламентін қатаң анықтау және қылмыстық істерді зерттеудің белгілі бір жүйесін жасау қажет. Қылмыстық істерді зерттеудің әдістемелері әр түрлі болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда прокурорлар қылмыстық іспен айыптау қортындысы арқылы танысады. Мұндай жағдайларда прокурор айыптау қортындысының шегімен алдын ала байлаулы болады және тергеуші таңдаған версиялардың “тұтқынында” болады. Басқаша айтқанда прокурор қылмыстық істің материалдарын айыптау қортындысының шегінде біледі. Ал, прокурордың қылмыстық істі қылмыстық іс қозғау туралы қаулы шығарылғаннан бастап зерттеуі тиімді әдіс болып табылады. Ол жағдайда прокурор қылмыстық істің материалдарын зерттеуде тергеуші жүретін жолмен жүреді және тергеушінің неге басқа версияны тастап, бұл версияны алғандығы және неге осы әрекеттер жүргізілгендігі туралы прокурорға түсінікті болады. Айыптау қорытындысымен келіп түскен іс бойынша прокурор дәлелді қаулысымен айыпталушыға таңдап алынған бұлтартпау шарасының күшін жоюға немесе өзгертуге, не егер ондай бұлтартпау шарасы қолданылмаған болса, оны таңдауға құқылы. Прокурор бас сот талқылауында істі қарауға дайындалып болған соң (қылмыстық істің материалдарын толық зерттеу, заңмен танысу, жасалған қылмыстың ерекшелігін зерттеу және дәлелдемелерді зерттеудің тәртібі туралы ұсыныстарды дайындау) және ҚР ҚДЖК-нің 281-бабында көрсетілген мәселелерді шешкен соң, прокурор айыпталушыны сотқа беру туралы қаулы шығарады, бұдан соң ол қылмыстық істі айыптау қорытындысымен бірге

дереу оны қарайтын сотқа жібереді. Істің сотқа жіберілгені туралы айыпталушы, қорғаушы, жәбірленуші және оның өкілдері, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері хабарландырылады. Прокурор айыпталушыға айыптау қорытындысының көшірмесі және оған қосымшалардың табыс етілуін қамтамасыз етеді, бұл ретте қорғау куәларының тізімін қоспағанда сотқа шақырылуға жататын адамдардың тізімінде бұл адамдардың мекен-жайы көрсетілмейді. Айыпталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болған және прокуратура органдарына келуден жалтарған жағдайларда, прокурор айыпталушыға айыптау қорытындысының көшірмесін тапсырмай-ақ, қылмыстық істі сотқа жібереді. Егер айыпталушының тұрып жатқан жері белгілі болса, айыптау қорытындысының көшірмесі оған почта арқылы жіберіледі. Қажат болған жағдайда прокурор республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, айыпталушының тұрып жатқан жері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ жалпы жұрттың қолы жететін телекоммуникация желілерінде айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу туралы хабарлама жариялауды ұйымдастыруға құқылы. Айыптау қорытындысының көшірмесі, сондай-ақ олар бұл туралы өтінім жасайтын болса, қорғаушы мен жәбірленушіге де табыс етіледі. Айыптау қорытындысы жасалған тілді білмейтін айыпталушы мен жәбірленушіге көшірме олардың білетін тілінде аударылып табыс етілуге тиіс. Іс сотқа жіберілген соң іс бойынша өтініш пен шағымдар тікелей сотқа жолданады. Прокурорға қылмыстық істердің жеке санаттарын тергеудің және сот отырысында қараудың әдістемелерін білу қажет. Кейбір жағдайларда арнайы әдебиеттерді, нұсқауларды, бұйрықтарды оқыған дұрыс болады. Мысалы, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы заңдарын бұзғаны үшін, тау-кен және құрылыс ережелерін бұзғандығы үшін, әуе, су, темір жол көліктеріндегі апаттарда осындай әдісті қолданған дұрыс болады [4].

Прокурордың сот тергеуіне қатысуы.

Сот тергеуінің іс жүргізушілік мақсаты соттың бастамасымен қылмыстық іс бойынша жиналған алдын ала тергеуде жиналған құжаттарды тексеру және дәлелдемелерді зерттеу болып табылады. Сот тергеуінде қылмыстың оқиғасы және құрамы бекітіледі, оған кінәлі тұлғалар, жауапкершіліктің деңгейіне әсер ететін жағдайлар, залалдың көлемі анықталады. Үкімнің негізділігі мен заңдылығы сот тергеуінің толықтылығы мен объективтілігіне байланысты, өйткені, сот тергеуінде зерттелетін дәлелдемелер ғана үкімнің негізін құрайды. Сот отырысында келтірілмеген дәлелдемелерді үкімде көрсету, үкімнің жойылуына алып келеді. Соттың құрамы сот отырысында қылмыстық іс бойынша барлық дәлелдемелерді жеке дара зерттеуі тиіс. Сот тергеуінде соттың алдын ала тергеуге қарағанда аз уақыт ішінде дәлелдемелерді тексеруге, оларды бір-бірімен салыстыруға, сотталушылардан жауап алуға, тергеу экспериментін жүргізуге мүмкіндігі т.б. бар. Тергеу органдарымен келтірілген дәлелдемелердің дұрыстығын тексеру үшін, оларды сот тергеуінде зерттеу қажет. ҚР ҚДЖК-нің 317-бабының 4 бөліміне сәкес, *прокурор дәлелдерді ұсынады және оларды зерттеуге қатысады, сотқа айыптаудың мәні бойынша, сондай-ақ сот талқылауы кезінде туындаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін баяндайды*, сотқа қылмыстық заңды қолдану және сотталушыға жаза қолдану туралы ұсыныс айтады. Үкімнің негізділігі және заңдылығы прокурордың процеске дайындығына, заңға негізделген позицияны таңдаудың кәсіби біліміне байланысты. Оның сот тергеуінде жіберіп алғандары сот үкімінің негізіне кірмейтіндігін прокурордың есте сақтауы қажет. Өйткені тек қана сот тергеуі ғана үкімнің негізін қалайды. “Соттың сөзі сот тергеуінің толықтамасы болып табылады, ал керісінше емес”,-деп жазды П.Сергеич. Сот тергеуі барысында прокурордың ақтайтын дәлелдемелердің және жауапкершілікті жеңілдететін мән-жайлардың алдында айыптау дәлелдемелеріне және жауапкершілікті ауырлататын жағдайларға оң қабақ танытпауы тиіс. Кейбір факторлардың әсерінен прокурор дәлелдемелердің бірбағытты бағалануын жіберіп алуы мүмкін. Бірнеше рет

соттылығының болуы, сотталушының жаман мінездемесі, оның жауап беруден бас тартуы прокурордың айыптау позициясын ұстауына әсерін тигізеді. Ал, жақсы мінездеме, сотталушы өзінің кінәсін мойындауы, оның жауаптары прокурордың критикалық позициясын өзгертуі мүмкін. Прокурордың міндеті, істің жағдайларының барлық жиынтығына сүйене отырып сотталушыға қатысты бұл объективті емес қатынасты жеңе білу болып табылады. ҚР ҚІЖК-нің 347-бабына сәйкес, сот тергеуінде айыптаушы және қорғаушы тараптар ұсынған дәлелдемелер зерттеледі. Дәлелдемелерді алдымен айыптаушы тарап ұсынады. Дәлелдемелерді зерттеу тәртібін тараптар келісе отырып, сот белгілейді. Дәлелдемелерді зерттеу тәртібін белгілеу немесе өзгерту мәселелері бойынша сот қаулы шығарады. Сот тергеуінің сәтті болуы белгілі бір жағдайларда дәлелдемелерді зерттеу тәртібінің прокурор ұсынысының дұрыстығына байланысты. Дәлелдемелерді зерттеу тәртібін таңдау, бұл жауап алудың кезектілігі ғана емес, дәлелдемелерді тексерудің де кезектілігі. Топтық көп эпизодты істер бойынша дәлелдемелерді зерттеудің тәртібін анықтау ерекше қиындықтар туындатады. Істің сипатына байланысты прокурор зерттеуді эпизодтар бойынша жүргізуді ұсынуы мүмкін (сотталушылардың жауабынан соң эпизодар бойынша куәлардан жауап алынады). Ал, кейбір жағдайларда, алғашында сотталушылардан жауап алып, одан соң куәлардан жауап алған тиімді болады. Прокурор айыптау эпизодтарын хронологиялық тәртіппен немесе жасалған қылмыстардың ауырлығына байланысты зерттеу тәртібін ұсынуы мүмкін. Зерттеудің мұндай тәртібі соттың қылмыс жағдайларын зерттеуге және әрбір сотталушының ролін және кінәсінің деңгейін анықтауына жеңіл болады. Күрделі және көп эпизодты істер бойынша мемлекеттік айыптауды бірнеше прокурор қолдауы мүмкін. Тәжірибенің көрсетіп отырғанындай, айыптауда келтірілген кінәсін мойындамағанның өзінде сот жәбірленушіден және куәлардан жауап алғанға дейін, сотталушыдан жауап алу барысында кейбір маңызды дәлелдемелер алуы мүмкін және керісінші, соңынан жауап алынатын сотталушы куәлардың жауабындағы келіспеушіліктерді пайдаланып жауап бере бастайды. Істің соңына ең мүдделі тиұлғалардың бірі ретінде сотталушы бірінші жауап беру барысында, оның ойынша маңызды болып табылатын жағдайларды, аргументтерді келтіреді. Сотталушы келтірген жауаптар айыптауды қолдайтын прокурор үшін өте маңызды роль атқарады. Солардың негізінде сот және прокурор басқа дәлелдемелерді зерттейді. Қазақстан Республикасының ҚІЖК-нің 345-бабына сәйкес, сот тергеуі айыптаушының сотталушыға таққан айыбының мәнісін баяндаудан, ал жеке айыптау істері бойынша-арыз берген адамның немесе оның өкілінің, ал олар болмағанда - сот отырысы хатшысының шағымды баяндауынан басталады. Айыптау ауырлығы төмендеу түріне өзгертілген жағдайда немесе айыптаудың бір бөлігінен бас тартылған кезде айыптаушы сотқа айыптаудың жаңа негізделген тұжырымын жазбаша түрде баяндауға міндетті. Сотталушыдан жауап алу. Сот әрекеттерінің ішіндегі сотталушыдан жауап алу және оның жауаптарын бағалау сотталушы өзінің кінәсін мойындағаны не мойындамағанына байланыссыз маңызды орындарының бірін алады. Жәбірленуші және куәға қарағанда жалған жауап беру үшін және жауап беруден бас тартқаны үшін сотталушы қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Сондықтан, прокурор сотталушы келтірген әрбір жауапты ерекше мән қойып анализ жасауы және бағалауы қажет. ҚР ҚІЖК-нің 348-бабына сәйкес, сотталушыдан жауап алудың алдында төрағалық етуші тағылған айып және істің басқа да жағдайлары бойынша айғақ беру немсе бермеу құқығын, сондай-ақ сотталушының барлық айтқаны өзіне қарсы пайдаланылуы мүмкін екенін оған түсіндіреді. Сотталушы айғақ беруге келісім берген кезде бірінші болып одан қорғаушы және процеске қорғаушы тарапынан қатысушылар, одан кейін мемлекеттік айыптаушы және процеске айыптаушы тарапынан қатысушылар жауап алады. Сотта сотталушыдан жауап алу алдын ала тергеудегі жауап алуға қарағанда әлде қайда қиын болады. Егер прокурор сотталушымен қарым-қатынас орнатса, ол еш қиындықсыз бұл эмоционалдық жағдайды анықтай алады. Сотталушының бірі кернеуленген болуы мүмкін,

оны күтіп тұрған жауапкершілік қорқытады; екіншісі-ашу кернеп, қозып тұрады, өзінің дұрыстығын дәлелдеуге тырысады; үшіншісі, флегмативті, оған соттың қандай шешім шығаратыны бәрібір болады. Жауап алынып отырған адамның эмоционалдық жағдайын білу сотталушыдан жауап алудың дұрыс тәсілін таңдауда, тактикалық әдістерді дұрыс қолдануда үлкен көмегін тигізеді. Жауап алудың екпіні, мінез кейпі байсалды, нақты, эмоционалдық кернеуленбеген болуы қажет. Айқайлауға, өзінің кінәсін мойындауды талап етуге болмайды. Бұл сотталушының тұйықталып қалуына алып келеді немесе сотталушы байланыссыз жауаптар бере бастайды. Өзінің кінәсін мойындамайтын сотталушыдан жауап алу өте қиын болады. Қылмыс жасаудағы өзінің кінәсін мойындамауда сотталушы алдын ала тергеумен келтірілген дәлелдемелерді жоққа шығаратын айғақтар келтіреді. Прокурордың міндеті - бұл бұл айғақтарды тексеруде немесе оларды жоққа шығаруда сотқа көмек көрсету, сотталушы жауапкершіліктен қашып кетпек екендігін дәлелдеу болып табылады. Сот тәжірибесі көрсететіндей, сотталушы ауыр қылмыс жасаған жауапкершіліктен құтылу мақсатында ауырлығы орташа, жеңіл қылмыстарды жасағандығын мойындайды.

ҚР ҚІЖК – нің 350 - бабында жәбірленушіден жауап алу тәртібі көрсетілген, оған сәйкес: жәбірленушіден осы Кодекстің 351 – бабының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші бөліктерінде көзделген куәлардан жауап алу ережелері бойынша жауап алынады. Куәлердан жауап алу тәртібін төменде қарастырамыз.

Сот отырысында жәбірленушілер көбінесе өміріне, денсаулығына, ар-ожданына және мүлкіне қарсы жасалған қылмыстар бойынша қатысады. Зорлау, қарақшылық, тонау, дене жарақаттарын келтіру қылмыстар бойынша жәбірленушінің жауаптары сотталушының кінәлілігінің негізгі дәлелдері болып табылады. Бұл прокурорды жәбірленушіден ерекше мұқияттылықпен жауап алуына міндеттейді. Қажет болған жағдайда жәбірленуші мен сотталушы және куәлар арасында беттестіру жүргізу туралы сотқа өтініш білдіре алады. Жәбірленушіге тану үші адамдар және заттай дәлелдемелер көрсетілуі мүмкін.

Өзіне келтірілген зардаптан және бақытсыздықтан қайғырып тұрған жауап ала білу және такт талап етіледі. Жәбірленушіге оның көңіл – күйін жаралайтын сұрақтар қоюда абай

болу қажет. Бұл соттың алдында кәмелетке толмағандар тұрғанда ерекше маңызды болады. Ар-намысына тиетін сұрақтарды қоймау туралы сотқа өтініш білдіргенде, прокурор сотталушының және қорғаушының жағдайды зерттеуге кедергі келтірмеуі тиіс.

Жәбірленушінің жауаптарын бағалауда прокурор мен сот алдында белгілі бір қиындықтар туындайды. Өйткені, жәбірленуші істің өзінің пайдасына шешілуіне мүдделі болады. Кейбір жағдайларда жәбірленушілер, әсіресе, зорлау істері бойынша қысылуы, ұялуы немесе іске маңызды мәліметтерді жасырып қалуы мүмкін. Жәбірленуші жасырып отырған мәліметтердің қандай іс жүргізушілік маңыздылығы бар екенін білмеуі мүмкін.

Прокурор сотталушының жағына шығатын және айыптауға қарсы шығатын сұрақтарды айналып өтпеуі тиіс. Бұл жағдай сотталушы қорғаушыдан бас тартқан жағдайда ерекше маңызды болады. Жәбірленуші мен куәнің жауаптарында келіспеушіліктер болған жағдайда, прокурор куәнің іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде берген жауаптарын жария етуге өтініш білдіруге құқықты [5].

Қорытынды. Қазақстан Республикасының Конституциясы біздің мемлекетімізде сот төрелігін жүргізудің негізін қалаушы қағидаларды бекітті. Сот-құқықтық жүйесінің әлемдік тәжірибеге сәйкес одан ары қарай дамуы жаңа Қылмыстық Кодекстің және Қылмыстық Іс-жүргізу Кодексінің, Азаматтық Кодекс пен Азаматтық Іс-жүргізу Кодекстерін, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қаулыларын және т.б. нормативтік-құқықтық актілерді қабылдаумен байланысты болды. Бұл нормативтік-құқықтық актілерде соттардың қоғамда қоғамдық әділеттілікті орнатуына, әділ сот өндірісін қамтамасыз ету және қылмыстық заңды дұрыс қолдану мақсатында әрбір

қылмыстық істі қылмыстық іс-жүргізудің мақсаттары мен қағидаларына сәйкес шешуіне көңіл бөлінген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- [1] Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы. 1995ж. 30 тамыз. 5-8 б.б.
- [2] Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. 2017ж. 58-60 б.б.
- [3] Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Алматы. 2017ж. 36-38б.б.
- [4] «Қазақстан Республикасының Прокуратура органдары туралы» ҚР 21 желтоқсандағы №2709 Заңы. 2015 жыл. 9 тамызындағы №346-11, 2003ж. 10 шілдедегі №483-2 заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар. 76-78 б.б.
- [5] Ағыбаев Н. Қылмыстық құқық. Оқулық, Жалпы бөлімі Алматы: Жеті жарғы. 2001 56-58 б.б